


**Балаларға арналған Киелі кітап
ұсынады**

**Құдай құл болған
Жүсіпке
кұрмет
көрсетеді**



Мәтінін жазған: Edward Hughes

**Суретін салған: M. Maillot, Lazarus
Alastair Paterson**

Бейімдеген: M. Maillot, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

**Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org**


©2023 Bible for Children, Inc.

Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Жүсіпті өзінің бұрынғы қожайыны Потифар қателесіп түрмеге жапты. Жүсіп түрмеде кішіпейіл әрі елгезек болды. Түрменің бастығы Жүсіпке түрме өмірін ұйымдастыруды сеніп тапсырды. Құдай Жүсіппен бірге болғандықтан, түрме барлығы үшін жақсы орынға айналды.



Патшаның наубайшысы мен шарапшысы түрмеде отырды. «Сендер неге қайғылысындар?» Жүсіп бір күні олардан осылай сұрады.




3

«Біздің түстеріміз не мағына беретінін ешкім айта алмады», –деп жауап берді мазасызданған олар. «Құдай айта алады, –деді Жүсіп. –Маған өз түстерінді айтып беріңдер».



4

«Сенің түсіңнің мағынасы –үш күннен кейін сен қайтадан перғауынның қол астына қайтып ораласың, –деді Жүсіп шарапшыға. –Мені сол кезде есіңе түсіріп, перғауыннан мені азат етуін сұрашы».



5

Наубайшының түсі жаман жаңалық хабарлап тұрған. «Сен үш күннен кейін өлесің», –деді Жүсіп. Екі түс те орындалды.




6

Бірақ перғауын бір күні мазасызданып оянбайынша, шарапшы Жүсіпті ұмытып кетті. «Мен түс көрдім», –деп саңқ ете қалды ол. Оның бірде-бір білімпазы оған оны жорып бере алмады.



7

Перғауын Жүсіпке дереу кісі жіберді. «Сіздің түсіңіз –Құдайдан келген хабар, –деді Жүсіп перғауынға. –Мысырда жеті жыл молшылық болады, ал сосын жеті жыл қатты ашаршылық болады».



8

«Енді молшылық болатын жеті жылда астықтан қор жинап алуды жоспарлаңыз, – деп Жүсіп перғауынға кеңес берді. – Әйтпесе сіздің халқыңыз аштан қырылады». «Құдай сенімен бірге, – деп жариялады перғауын. – Сен Мысырда басшылық етесің, менен кейін екінші боласың».



9

Жеті жылғы молшылық басталды. Содан кейін жеті жыл аштық келді. Астықтың мол қорын даналықпен жинап алған Мысырда ғана болмаса, басқа еш жерде ол болмады. Жүсіптің жырақтағы отанында Жақыптың отбасы ашыға бастады.



10

Барлық елдерден адамдар Мысырға астық алуға барып жатты. «Сендер де бару керексіңдер, – деп бұйырды Жақып өзінің ұлдарына.

– Әйтпесе біз аштан өлеміз». Мысырға жеткен ұлдары тамақ сатып алуға дайындалған.



11

Жақыптың ұлдары Мысыр үшін жауап беретін мәртебелі адамның алдында бастарын төмен иді. Олар өздерінің бауырлары Жүсіпті танымады. Бірақ Жүсіп оларды танып қойды. Жүсіп өзінің балалық шақтағы түсін есіне алды. Құдай оны өзінің ағаларының алдында жоғары көтерді.




12

Жүсіп өте дана болды. Ол дөрекі сөйлеп, өзінің ағасы Шимонды кепілдікке алып қалды.



13

«Астықты алып үйлеріңе барындар да, өздеріңнің кіші бауырларыңды ертіп келіндер, – деп бұйырды ол. – Сонда мен сендердің тыңшы емес екендеріңді білетін болам». Ағайындылар бәлкім Құдай өздерін көп жыл бұрын Жүсіпті құлдыққа сатып жібергендері үшін жазалап отырған шығар деп ойлады.



14

Жақып пен оның ұлдары абдырап қалды. «Біздің ақшаларымыз астықтың бетінде жатыр екен. Әмірші біздің Бунямиді апаруымыз керектігін айтты». Жақып Бунямиді жібергісі келмеді. Алайда астық тез арада бітіп қалды. Ағайындыларға

Мысырға қайтадан
баруға тура келді.
Бунямиді



олармен бірге кетті.

15

Жүсіп Бунямиді көрген кезде, ол өзінің қызметшілеріне үлкен қонақасы дайындауды бұйырды. Ағайындылар соған шақырылды. «Сендердің әкелерің тірі ме, дені сау ма?» – деп сұрады Жүсіп. Мүмкін ол бүкіл отбасын қалай бірге жинап алуға болатынын ойлаған болар.



16

Жүсіп, сондай-ақ, өзінің ағалары көп жылдар бұрын жасаған күнәлары үшін өкіне ме, соны білгісі келді. Қонақасыдан кейін ол оларды ұрлықтары үшін айыптады.

«Сендерді жазалау үшін мен Бунямиді өзімнің құлым етіп алып қалам», – деді Жүсіп. «Мырзам, оның орнына менің өмірімді алыңыз», – деп жалынды Яһуда. Жүсіп өзін сатып жіберуге ұсыныс жасаған Яһуданың шынымен өзгергенін білді.



17

Өзінің отбасына деген сүйіспеншілігін енді жасыруға күші жетпеген Жүсіп барлық мысырлықтарды шығарып жіберді.

Содан кейін ол жылай бастады.



18

«Мен – Жүсіппін, сендер Мысырға сатып жіберген сендердің бауырларыңмын».


Таңғалып шошып
кеткен ағалары
ештеңе демеді.



19

Жүсіп өзінің ағаларын жігерлендірді:

«Құдай осы аштық кезінде сендердің өмірлеріңді сақтап қалуым үшін мені Мысырдың иесі етті. Барыңдар, әкемді алып келіңдер. Мен сендерге қамқор болам». Жақып пен Жүсіп Мысырда қайтадан бірікті, солайша бүкіл отбасы сол жерде тыныш әрі молшылықта өмір сүрді.



20

Құдай құл болған Жүсіпке
кұрмет көрсетеді

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Жаратылыстың басталуы 39-45

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

21

8

60

22



Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

23